

## Түркістан облысының кейбір білім беру мекемелерін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 158 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) Қазығұрт аудандық білім бөлімінің "Комсомол" жалпы орта білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазығұрт ауданы білім бөлімінің "Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазығұрт аудандық білім бөлімінің "Қазанның ХХХ жылдығы" жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазығұрт ауданы білім бөлімінің " Шәмші Қалдаяқов атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Ордабасы аудандық білім бөлімінің "Шұбар" жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ордабасы ауданы білім бөлімінің "Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Ордабасы аудандық білім бөлімінің "Мақташы" жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ордабасы ауданы білім бөлімінің "Зиядин Исабеков атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Шолаққорған" жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Созақ ауданы білім бөлімінің "Нәзір Төреқұлов атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Қазығұрт аудандық білім бөлімінің "Жаңаталап" жалпы орта білім беретін мектеп " коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазығұрт ауданы білім бөлімінің "Әбдікәрім Бектаев атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК